

№1 педагогикалық кеңестің күн тәртібі

Тақырыбы «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары, балалалардың эмоционалды әл-ауқатын жақсарту үшін ортаны модельдеу».

Мақсаты: 2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастыру, жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту, 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Жаңа оқу жылына серпін беру.

Өткізген күні: 05 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқан: 10 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: А.О.Лукошенко

Хатшы: Ж.С.Давлеткалиева

Күн тәртібінде:

1. Балабақша меңгерушісі А.О.Лукошенко алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру
2. Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту
3. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту:
 - жылдық мақсат пен міндеттерді;
 - оқу жоспарларын бекіту;
 - ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі;
 - перспективалық жұмыс жоспарлары;
 - таңғы жаттығу кестесі;
 - күн тәртібі кестесін бекіту
 - тәлімгерлік жұмыс;
4. Психологиялық тренинг
5. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту, комиссияның құрамын сайлау.
6. Коучинг «Мен 2024-2025 оқу жылы...»
7. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

2024-2025 оқу жылының №1 педкеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.О.Лукошенко сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Ж.С.Давлеткалиева педагогтарға топқа бөлінуді сұрады. Бірінші топ: жазғы сауықтыру кезеңіне талқылау жасады, екінші топ: менің жазғы демалысым, үшінші топ: «Балабақша – мейірім мекенім» тақырыбына интелект карта жасауды сұрады. жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңіне қорытынды жасалды, жазғы демалыс кезеңі талқыланды және балабақша

мейірім мекені болуы үшін балаларға эмоционалды қолайлы орта ұйымдастырудың қажеттілігі талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді. 2024-2025 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстырып өтті. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді. Барлық топтарға ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, перспективалық жұмыс жоспарлары, таңғы жаттығу кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды. Балабақша жас мамандарына тәлімгерлер бекітілді. Тәлімгерлік жұмыс бойынша жоспар құрылды.

Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту, комиссияның құрамы сайланды. Және кәсіподақ төрайымы өзгертілді. Кәсіподан төрайымы болып тәрбиеші Ж.Б.Суесинова бекітілді. Кәсіподақ төрайымының көмекшісі болып Г.Б.Алимбекова тағайындалды.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Ж.С.Давлеткалиева коучинг өткізді. Педагогтарға интелект карталармен жұмыс жасаудың тиімділігін көрсетті. «Мен 2024-2025 жылы...» деп әр педагог жаңа оқу жылына мақсаттарын жазып шықты. Жылдың соңында осы жазылған мақсаттары бойынша қорытынды жасалатын болады деп атап өтті.

Әр түрлі мәселелер бойынша жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешімін қабылданды.

Қаулы:

1. 11 қыркүйекке дейін топтардың жеке іс-қағаздары тапсырылсын.
2. Қыркүйек айының екінші аптасында перспективалық жоспарлар бекітілсін.
3. Топтар көрнекіліктермен жаңартылсын, ҰІӨ-тер дайындықпен жүргізілсін.
4. Топтарда дамытушылық орталықтар жасақталсын.
5. Бөбекжайда қамқоршылық кеңес құрылсын. Аналар, әкелер, әжелер мектебі жасақталсын.
6. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері ұйымдастырылсын.

Педкеңес төрайымы: А.О.Лукошенко

Хатшы: Ж.С.Давлеткалиева

№2 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Балалардың дене бітімінің жан жақты дамуы»

Мақсаты: қауіпсіздік ережелеріне сүйене отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру

Өткізген күні: 22 қараша 2024 жыл

Қатысқан: 10 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: А.О.Лукошенко

Хатшы: Ж.С.Давлеткалиева

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.
 2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар тудызу»- тақырыбында баяндама. Медбике Ж.Е.Туремуратова
 3. «Баланың сөйлеу тілін дамытатын жаттығулар» - Ж.Ж.Ахметова Тәрбиеші
 4. «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда.....» - педагогикалық пікірталас
 5. «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөлі»- Г.С.Зейнула
 6. Тренинг Г.А.Панабек
- Әр түрлі мәселелер

2024-2025 оқу жылының №2 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.О.Лукошенко сөз алды. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, жақсы деген баға берді. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді.

Екінші мәселе бойынша медбике Ж.Е.Туремуратова «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар тудызу»- тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама барысында бала денсаулығын көтеру барысында балабақшаның негізгі міндеттеріне тоқталды. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді. Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын-сауықтар) өткізуге тиіс.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Ж.Ж.Ахметова «Баланың сөйлеу тілін дамытатын жаттығулар» тақырыбында тілдік жаттығулар жасатты. Дыбыстарды дұрыс айта алмайтын балаларға тоқталып, дыбыстарды дұрыс шығару

жаттығуларын көрсетті, жаттығу барысында педагогтар дыбыстарды дұрыс шығаруды үйренді.

Төртінші мәселе бойынша «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда...» тақырыбында педагогикалық пікірталасты әдіскер Ж.С.Давлеткалиева өткізді. Баланың денсаулығының бүгінгі күннің өзекті екеніне тоқталып, XMIND картасында бала денсаулығының төмендігі мен жақсы екенін екі картаға толтырды.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.С.Зейнула «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөлі» тақырыбында педагогтармен қызықты ойындар ойнады. «Бестемше» ойынын үлкен көлемде топпен ойнаудың қыр-сырын үйретті. Сонымен қатар, шар арқылы дене бітімінің қалыптасуына байланысты доптармен ойындар ойнатты. Шапшаңдық пен ұқыптылыққа үйретіп қоймай, дене бітімінің шымырлығына алып келетін ойындарды көрсетті. Шеберлік сағатынан соң педагогтар ерекше әсерленді.

Алтыншы мәселе бойынша балабақша тәрбиеші Г.А.Панабек. педагогтар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатындағы тренинг жаттығуларын өткізді. Тренинг барысында педагогтардың бір-біріне деген сенімділік орнады, қарым-қатынас тары нығая түсті. Тренинг өз мақсатына жетті, педагогтар ерекше мотивация алды.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер Ж.С.Давлеткалиева топтарды заттық дамытушы орталықтарға бөліну бойынша кеңестер берілді. Балабақша меңгерушісі А.О.Лукошенко ішкі тәртіп пен 2024-2025 оқу жылының аудандық семинарына байланысты нұсқаулар берілді. Төлемақыны уақытында төлетіп отыруды тапсырды, тегін тамақтанатын балалардың табельдерін қатесіз толтыруды сұрады. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

№2 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Топтарда дамытушы орталықтар толықтырылсын.
2. Жұмысқа уақытында келсін, ішкі тәртіп сақталсын.
3. Бала денсаулығын нығайту үшін жаттығулар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Бала денсаулығын нығайтуда тәрбиеші, логопед, психолог, медбике, әдіскердің жоспары бойынша бірлесе жұмыс атқарсын.

Педкеңес төрайымы: А.О.Лукошенко

Хатшы: Ж.С.Давлеткалиева

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Тәрбиеленушілердің интеллектуалдық, коммуникативтік -тілдік қарым қатынасын дамыту қабілеттерін арттыру»

Мақсаты: Балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында айтарлықтай ақыл-ой күш жігерін қажет ететін, сөйлемді дамытуға ой қабылетін қалыптастыруға әсер ететін жаттығуларды қолданды мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойынның ерекше маңызы бар олар үшін ойын-оқу, ойын еңбек, ұсақ моториканы дамыту құралдары арқылы ұйымдастырылды.

Өткізген күні: 30 қаңтар 2025 жыл

Қатысқан: 8 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Ж.С. Давлеткалиева

Хатшы: Ж. Суесинова

Күн тәртібі:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп.
2. Театралдық іс әрекет ертегілер еліне саяхат Тәрбиеші: А.Қонысбаева
3. Жас мамандар мен іс-тәжірибе. Тәрбиеші: Ж.Ахметова
4. «Дамытатын ойындар арқылы балаладың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуметін дамыту» Тәрбиеші: Г.Алимбаева
5. «Коммуникативтілік дамыту және команда мен жұмыс істей білуге арналған ойындар» Тәрбиеші: Ж.Суесинова
6. №3 педагогикалық кеңестің шешімі.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ж.С.Давлеткалиева сөз алды.

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп. Балабақша меңгерушісі №2 педагогикалық кеңестің шешімдері бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Атап айтқанда:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар қауіпсіздігі сақталсын
2. Ерекше білім беруді балалармен жұмыс жасай алуы үшін тәрбиешілер біліктіліктерін арттырсын.
3. Цифрлық технологиялармен жұмыс жасауда нейрожелілермен жұмыс жасау басшылыққа алынсын
4. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.

5. Жасанды интеллект технологияларын меңгеру бойынша педагогтар арасында жиі шеберлік сағаттары өткізілуі әдіскерге жүктелсін.

Аталған қаулы бойынша жұмыстардың орындалуына оң баға берілді.

Қорытынды: Шешімдер толық көлемде орындалды. Жаңа жоспарлар жасау қажеттілігі атап өтілді.

1. «Тәрбиеленушілердің интеллектуалдық, коммуникативтік -тілдік қарым қатынасын дамыту қабілеттерің арттыруға негіз ескереміз» іс-тәжірибе. Тәрбиеші Ахметова.Ж жас мамандар мен тәжірибе алмасып өзінің тәжірибесімен бөлісті. Жұмыс барысында тәрбиеленушілерге сөйлеу кезінде ыңғайлы және дұрыс артикуляция қалыптастыру, тепе-теңдікті сақтау қажеттігі айтылды.

Қорытынды: Тәрбиеленушілермен жұмысты жандандыру үшін арнайы ойындар ұсақ моториканы дамыту балалардың ой қабілеттің арттыру жоспарлау туралы шешім қабылданды.

№3 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімдері толығымен орындалғаны назарға алынды.
2. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында:
 - «Жас ата-аналар» мектебі аясында қосымша шаралар ұйымдастырылсын.
 - Жас аналармен жеке және топтық жұмыстарды күшейтілсін.
 - «Әкелер мектебі» бағдарламасын жандандырылсын.
 - «Аналар мектебі» шеңберінде практикалық және шығармашылық шаралар өткізілсін.
3. Тәрбиешілерге ата-аналармен байланыс орнатуда заманауи әдістерді қолдану ұсынылсын.
4. Ата-аналармен өткізілетін іс-шаралар туралы есеп келесі педагогикалық кеңесте тыңдалсын.

Хаттаманы толтырған: Ә.Сағындық

Төрағасы: Ж.Давлеткалиева



№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Бала тұлғасының ұлттық мәдениет жағынан дамуын қалыптастырудағы рухани-адамгершілік және эстетикалық үйлесімділік»

Мақсаты: Ұлттық мәдениеттің негіздері арқылы баланың тұлғасын қалыптастыру балаға өз халқының тарихын, тілін, салт-дәстүрлерін, өнерін таныта отырып, оның ұлттық сана-сезімін, азаматтық жауапкершілігін және елге деген сүйіспеншілігін дамыту.

Өткізген күні: 28 наурыз 2025 жыл

Қатысқан: 8 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Ж.С. Давлеткалиева

Хатшы: Ж. Суесинова

Күн тәртібі:

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп.
2. Бала тұлғасының ұлттық мәдениет жағынан дамуы шығармашылық жұмыс Тәрбиеші: Ж.Ахметова
3. Жас мамандар мен іс-тәжірибе. Тәрбиеші: Ж.Суесинова
4. - Бала тәрбиесіндегі ұлттық мәдениет пен рухани-адамгершілік тәрбие туралы пікірталас жүргізу.
5. - Ұлттық тәрбиені бала өміріне енгізу бойынша жаңа әдіс-тәсілдермен бөлісу. Тәрбиеші: М.Гурова
6. №4 педагогикалық кеңестің шешімі.
7. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ж.С.Давлеткалиева сөз алды.

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп. Балабақша меңгерушісі №3 педагогикалық кеңестің шешімдері бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Атап айтқанда:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар қауіпсіздігі сақталсын
 2. Ерекше білім беруді балалармен жұмыс жасай алуы үшін тәрбиешілер біліктіліктерін арттырсын.
 3. Цифрлық технологиялармен жұмыс жасауда нейрожелілермен жұмыс жасау басшылыққа алынсын
 4. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.
 5. Жасанды интеллект технологияларын меңгеру бойынша педагогтар арасында жиі шеберлік сағаттары өткізілуі әдіскерге жүктелсін.
- Аталған қаулы бойынша жұмыстардың орындалуына оң баға берілді.

Қорытынды: Шешімдер толық көлемде орындалды. Жаңа жоспарлар жасау қажеттілігі атап өтілді.

Бала тұлғасының ұлттық мәдениет жағынан дамуы шығармашылық жұмыс
Тәрбиеші: Ж.Ахметова

Жас мамандар мен іс-тәжірибе. Тәрбиеші: Ж.Суесинова

- Бала тәрбиесіндегі ұлттық мәдениет пен рухани-адамгершілік тәрбие туралы пікірталас жүргізу.

- Ұлттық тәрбиені бала өміріне енгізу бойынша жаңа әдіс-тәсілдермен бөлісу. Тәрбиеші: М.Гурова

5. Ұлттық дәстүрлер мен салт-дәстүрлерді енгізу:

- Қазақ халқының дәстүрлері мен салт-дәстүрлерін балабақша тәрбие процесінде пайдалану.

- Ұлттық мерекелер мен салттарды үйрету, ұлттық ойындарды ұйымдастыру арқылы баланың ұлттық рухта тәрбиеленуі.

- Ұлттық тағамдар, әдет-ғұрыптар, халық ауыз әдебиетінің маңызы.

6. Тәрбиеші: Ж.Суесинова Педагогикалық тәжірибелермен бөлісу арқылы:

- Ұлттық мәдениетке бағытталған тәрбие әдістері туралы педагогтардың пікірлері мен тәжірибелерін бақылап бірлесе жұмыстанды.

- Балабақшада балаларға ұлттық құндылықтарды қалай тиімді үйретуге болатындығы жөнінде талқылау жасалды..

7. Тәрбиеші: Ж.Ахметова Топтық жұмыс туралы баяндады:

- Бала тәрбиесіндегі ұлттық мәдениет пен рухани-адамгершілік тәрбие туралы пікірталас жүргізу.

- Ұлттық тәрбиені бала өміріне енгізу бойынша жаңа әдіс-тәсілдермен бөлісті.

8. Қорытынды сөз:

- Педагогикалық кеңестің қорытындысы және педагогтар үшін ұсыныстар.

- Балалардың ұлттық мәдениет пен рухани-адамгершілік құндылықтарды бойларына сіңіру жолында өзара ынтымақтастықта жұмыс істей отырып, тәрбие процесін жетілдірудің маңызы.

Қорытынды:

Бұл педагогикалық кеңес отырысы бала тұлғасының ұлттық мәдениет жағынан дамуы, рухани-адамгершілік және эстетикалық үйлесімділіктің қалыптасуы жолында тәрбиешілердің жаңа әдіс-тәсілдер мен идеяларымен бөлісіп, бірлесіп жұмыс жасауларына мүмкіндік береді. Балаларымыздың толыққанды дамуы, олардың ұлттық құндылықтармен тәрбиеленуі — біздің басты мақсатымыз. Бала тәрбиесінде ұлттық мәдениетке негізделген тәрбие ұрпақтың болашағын айқындайтын маңызды фактор болып табылады.

Хаттаманы толтырған: Ө.Сағындық

Төрағасы: Ж.Давлеткалиева